



Бесқарағай ауданы бойынша 2017 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі № 118 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 25 мамырда № 5036 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 8 қарашадағы № 373 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай ауданы әкімдігінің 08.11.2017 № 373 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31- бабы 2-тармағына, "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6-бабы 4-тармағының 8-1) тармақшасына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 27-бабына сәйкес, Бесқарағай аудандық әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес 2017 жылғы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға, мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері бекітілсін.

2. "Бесқарағай ауданы бойынша 2016 жылғы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға, мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басынашаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы" Бесқарағай ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 9 наурыздағы № 19 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде нөмері 4483 тіркелген) қаулысының күші жойылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Р. Кисамиеваға жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Бесқарағай ауданы әкімінің
міндетін атқарушы

Е. Рахметуллин

Бесқарағай аудандық
әкімдігінің
2017 жылғы "24" сәуірдегі
№ 118 қаулысына қосымша

2017 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға, мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерлері

Айына бір тәрбиеленушіге төленетін жан басына шаққандағы қаржыландыру мөлшері, теңге				Тәрбиеленушілер саны		Айына бір тәрбиеленушіге төленетін орташа шығындардың құны, теңге		Айына төленетін ата-ана ақы төлеу мөлшері, теңге
Балабақшалар, бөбекжайлар		Шағын орталықтар		Балабақшала , бөбекжайлар	Шағын орталықтар	Балабақшала , бөбекжайлар	Шағын орталықтар	
Республикалық бюджет	Жергілікті бюджет	Республикалық бюджет	Жергілікті бюджет					
33000	21630	16225	-	285	200	33000	16225	7500

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК